

«БІЛІМНІҢ ЖҰЛДЫЗЫ»
шәкіртақысын тағайындау бойынша байқау
ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 «Білімнің жұлдызы» шәкіртақысы (бұдан әрі – шәкіртақы) **«Dauletten» қайырымдылық қоры» жеке қорының** (бұдан әрі – қор) бастамасымен тағайындалады. Шәкіртақы білім алушылардың әлеуметтік жағдайына және жетістіктеріне байланысты оқу, қоғамдық іс-әрекеттерін, инновациялық жобаларын ынталандыруға бағытталған.
- 1.2 **Шәкіртақы тағайындау мақсаты** – еліміздегі колледж және жоғары оқу орындарында оқитын үздік студенттерді әлеуметтік жағдайына байланысты қаржылай қолдау, олардың заманауи қоғамдық талаптарға сай дағдыларын дамыту. Шәкіртақы оқуда, ғылымда және қоғамдық өмірде белсенді, талантты үздік студенттерді ынталандыру үшін беріледі.
- 1.3 Ережеде «шәкіртақы» терминінің мағынасы байқаудың нәтижесінде жоғары ұпай жинаған үміткерлерге 100 000 (жүз мың) теңге көлеміндегі тағайындалатын бір реттік ақшалай сыйақы.
- 1.4 Шәкіртақыны тағайындау жыл сайын қор қамқоршылық кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. 2026 жылы барлығы **200 (екі жүз) студент** жеңімпаз ретінде анықталатын болады. Жеңімпаздар ашық байқау негізінде бірнеше кезеңдер арқылы іріктеледі. Байқау жылына бір рет, оқу жылының екінші семестрінде өткізіледі. Байқау нәтижесінде атаулы шәкіртақы тағайындалады.
- 1.5 Шәкіртақыға «Dauletten» қайырымдылық қоры» жеке қоры, сондай-ақ белгілі тұлғалар, өнер жұлдыздары, қоғам белсенділері және т.б. еріктілер қаржылай және ақпараттық демеушілік көрсетеді.
- 1.6 Білімнің жұлдызы шәкіртақы байқауына қатысуға өтінімдер ұйымдастырушылар белгілеген кезеңде www.dauletten.kz сайты арқылы қабылданады.

2. «БІЛІМНІҢ ЖҰЛДЫЗЫ» ШӘКІРТАҚЫСЫНА ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1 Шәкіртақы үміткерлеріне қойылатын жалпы талаптар:

- 2.1.1 Қазақстан Республикасының азаматы болу.
- 2.1.2 Университет және колледждің 1-3 курс студенті болу.
- 2.1.3 Қазақстан Республикасының колледж немесе ЖОО студенті, ҚР аумағында орналасқан шетелдік ЖОО-ның еншілес ұйымына жатпайтын жоғары оқу орындарының бакалавр академиялық деңгейі бойынша күндізгі бөлімінде оқу.
- 2.1.4 **Мемлекеттік және өзге де ұйымдардың білім беру грантының иегері болмау.**
- 2.1.5 Соңғы 4 жылда «Білімнің жұлдызы» байқауының жеңімпазы болмау.
- 2.1.6 Кемінде бір академиялық семестрді аяқтау және транскрипт алу.
- 2.1.7 Шәкіртақыны ұйымдастырушыларға және комиссия құрамындағы мүшелерге туыстық қарым-қатынастың болмауы.

2.2 Үміткердің әлеуметтік жағдайы мен материалдық қамтамасыз етілуі бойынша қойылатын талаптар:

- 2.2.1 Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес отбасы, көпбалалы отбасы (4 немесе одан көп), мүмкіндігі шектеулі студент, аз қамтылған отбасы санаттарының біріне жатуы.

2.3 Оқу үлгерімі бойынша үміткерлерге қойылатын талаптар:

- 2.3.1 ЖОО білім алушылары үшін оқу үлгерімі «жақсы» және «өте жақсы» (GPA орташа балы 2.5 немесе 2.5-тен жоғары) болуы шарт. Бағалар транскрипт арқылы расталады.
- 2.3.2 Колледж студенттері оқу орнынан оқу үлгерімін растайтын құжат тапсырады. Сандық эквивалент 3.0 немесе 3.0-ден жоғары.

3. ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ БОЙЫНША БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ШАРТТАРЫ

- 3.1 Үміткерлер байқауға қатысу үшін **13 сәуір сағат 09:00-ден бастап 17 сәуір сағат 23:59-ға** дейін www.dauletten.kz сайтындағы сауалнаманы толтырып, барлық растаушы құжаттарды және «Мен неге бұл шәкіртақыға лайықпын?» тақырыбындағы мотивациялық хатты тіркеп жолдауы тиіс. Сауалнама үлгісі №1 Қосымшада.
- 3.2 Үміткерлер сауалнамада сұралған құжаттарды (жақсы сападағы фотосурет немесе сканерленген нұсқа) PDF файлға бекітіп жолдауы тиіс.
Қажетті құжаттар тізімдемесі:
- Жеке куәлік;
 - Оқу орнынан анықтама;
 - Транскрипт, ведомость (мөрмен);
 - Әлеуметтік жағдайын растайтын құжаттар;
 - Жетістіктері (алғыс хаттар, дипломдар, сертификаттар және т.б.)(тек университет және колледж жылдарындағы)
 - Мотивациялық хат
- 3.3 Мотивациялық хатқа қойылатын талаптар:
- жазу тілі: қазақ
 - ауқымы: 150-300 сөз аралығында
 - қаріп: Times New Roman
 - өлшемі: 14
 - жоларалық интервал: 1
 - барлық жағынан: 2 см
 - абзац: 1,25 см
 - ені бойынша туралау
- 3.4 Бекітілген мерзімнен кешіктіріліп жолданған және ақпарат толық ұсынылмаған жағдайда ұйымдастыру комитеті өтінімді қарастырмайды.

4. БАЙҚАУ ӨТКІЗУ ТҮРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

- 4.1 Байқау бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде ұйымдастыру алқасы үміткерлердің осы Ереженің 2.1, 2.2, 2.3 тармақтарында көрсетілген талаптарға сай келуін қарастырады. Осы Ереженің 2.1, 2.2, 2.3 тармақтарында көрсетілген талаптарға үміткер сәйкес келмеген жағдайда байқаудың келесі кезеңдеріне өткізілмейді.
- 4.2 Өтінімдер келесі себептерге байланысты да байқауға қабылданбайды:
- сауалнаманың дұрыс толтырылмауы;
 - өтінімге қажет құжаттардың толық жіберілмеуі;
 - мотивациялық хаттың 3.3 тармақтағы шарттарға сай болмауы;
 - жалған мағлұматтардың көрсетілуі.
- 4.3 Байқаудың екінші кезеңі **қосымша хабарланады**. Бұл кезеңде шәкіртақыға үміткерлер сұхбаттасудан өтеді.
- 4.4 Шәкіртақыға үміткер кез келген себеппен сұхбаттасуға кешіксе немесе қатыса алмаса, байқауға жіберген өтінімі өз күшін жояды.
- 4.5 Сұхбаттасу онлайн форматта өтеді.

5. БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 5.1 Шәкіртақыға үміткерлерге бірнеше талаптар бойынша бағалау жүргізіледі.
- 5.2 Шәкіртақы тағайындау үшін үміткерлерді байқау нәтижесі бойынша сараптайтын комиссия құрылады.
- 5.3 Комиссия мүшелерінің аты-жөні жайлы ақпарат жабық және көпке жайылмайды. Комиссия төрағасының келісімімен ақпарат ашық болуы мүмкін.
- 5.4 Байқау комиссиясының шешімі пікірталасқа жатпайды және соңғы деп саналады.
- 5.5 Байқауға жіберілген өтінім негіздері комиссия мүшелерімен өзгеріске ұшырамайды, көпке жайылмайды, сынауға берілмейді.
- 5.6 Байқауға қатысу үшін өтінімді тапсыра отырып, студент автоматты түрде жеке мәліметтерін өңдеуге келісін береді.
- 5.7 Шәкіртақы атаулы болғандықтан бір студенттен келесі студентке берілмейді.
- 5.8 Құжаттарды тапсыру арқылы ізденуші бағдарламаның мақсаттарын растайтындығын, өзінің осы Ережеде көрсетілген шарттармен толық келісетіндігін және орындауға дайын екендігін білдіреді.
- 5.9 Қор ізденушілер бойынша қабылданған шешімдердің себептері туралы түсіндірмелер бермеу құқығын өзіне қалдырады.
- 5.10 Қор байқау комиссиясының шешімімен мәлімделген 200-ден аз немесе көп грант беру құқығын өзіне қалдырады.
- 5.11 Байқау комиссиясының шешімі «Білімнің жұлдызы» шәкіртақы жеңімпаздарының тізімі ретінде қордың бұйрығымен бекітіледі. Байқау бағдарламасының жеңімпаздар тізімі www.dauletten.kz сайтында және Instagram әлеуметтік парақшаларында жарияланады.

6. ШӘКІРТАҚЫНЫ АЛУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 6.1 Шәкіртақы байқауының жеңімпазымен келісімшарт жасалады.
- 6.2 Шәкіртақыны төлеу қор мен конкурстың жеңімпазы арасында жасалған шартнегізінде 1 (бір) айдан кешіктірмей конкурс жеңімпазының банк шотына ақшалай аударым негізінде жүргізіледі.
- 6.3 Қордың талабы бойынша оның қызметіне және бағдарламаларына жәрдем көрсетуге міндеттеледі.

7. ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- 7.1 Барлық туындаған дауларды байқау ұйымдастырушысы мен комиссия Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шешеді.
- 7.2 Ұйымдастырушылардың мүмкіндіктеріне сай келмейтін, форс-мажор және т.б. себептерге байланысты жағдайлар орын алған кезде байқау ұйымдастырушысы осы Ережеге өзгерістер енгізуге құқылы.
- 7.3 Байқау ұйымдастырушылары:
«Dauletten» қайырымдылық қоры» жеке қоры
Мекенжайы: Астана қаласы, Сығанақ 54а, БЦ «А», 12 қабат, 1206 кеңсе
Сұрақтар бойынша: Жалғасбай Ақбота, 8 707 765 62 65
Эл.пошта: dauletten_qory@mail.ru

САУАЛНАМА

1. Толық аты-жөні
2. Туған күні, айы, жылы
3. ЖСН (ИИН)
4. Жеке куәлік
5. Тұрғылықты аймағы
6. Оқу орны
7. Оқу орнының толық атауы
8. Мамандығы
9. Курс
10. GPA немесе орташа балл
11. Оқу орнынан (оқитынын растайтын, мөр қойылған) анықтама
12. Оқу үлгерімін растайтын құжат
13. Жетістіктері
14. Отбасылық жағдайы
15. Отбасылық жағдайын растайтын құжаттар
16. Байланыс нөмірі
17. Электронды пошта
18. Мотивациялық хат (150-300 сөз аралығында)